

Тарбағатай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 438 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 114 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 маусымда № 8870-16 болып тіркелді

Тарбағатай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тарбағатай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 438 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8753 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай ауданының әкімі

Д. Жоргекбаев

Тарбағатай ауданы әкімдігі
2023 жылғы 14 маусымдағы
№ 114 Қаулыға қосымша
Тарбағатай ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 29 сәуірдегі
№ 438 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарының лауазымдары: Үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, жұмыспен қамту орталығының директоры және мамандары, ассистенттер, жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөнінде консультант, оңалту орталығының директоры әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, медбике, мейіргер массажист, тәрбиеші, психолог, еңбек мұғалімі, логопед, емдік дене шынықтыру мұғалімі, музыка мұғалімі, мәдени ұйымдастырушы, психиатр.

2. Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары: директор, директордың орынбасары, әдіскерлер, жастармен жұмыс әдіскерлері, концерт ұйымдастыратын менеджерлер, әртістер, мәдени жұмыстарды ұйымдастырушылар, бишілер дайындаушы, сүйемелдеуші өткізгіш, режиссер, театр суретшісі, концерт ұйымдастырушы, көмекші режиссер, мавзолей жетекшісі, ансамбль жетекшісі, эстрада жетекшісі, маман (дамыған өнер), кітапхана меңгерушісі, кітапханашы, библиограф, музыкалық оператор.